**2022 жылғы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті жанындағы «6D021000 – Шетел филологиясы» және «6D020700 – Аударма ісі» мамандықтары бойынша кадрларды даярлау бағыты бойынша Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп**

1. **Өткізілген отырыстар саны** – Есепті кезеңде диссертациялық кеңестің 4 отырысы өткізілді, оның 2 – философия докторы PhD дәрежесін алу үшін диссертацияларды қорғауға арналды.
2. **Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты** – Диссертациялық Кеңестің барлық мүшелері өткізілген отырыстарға қатысты.

**3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі (кесте)**

| № | ТАЖ | Оқу орны | Шифр, мамандық | Қорғау күні | Комитеттің шешімі бұйрықтың №, күні |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Алдабергенова Айым Алдабергеновна | Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ | 6D020700 – Аударма ісі | 28.10.2022 | 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 137 бұйрығы. |
| 2 | Курманбаева Даметкен Тюлевтаевна | Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ | 6D021000 – Шетел филологиясы | 23.12.2022 | |

**4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:**

**1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау:**

«6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша Алдабергенова Айым Алдабергеновнаның «Функциональные и лингвокультурологические аспекты перевода литературы абсурда (на материале переводов романа Дж. Хеллера «Catch-22»)» тақырыбындағы диссертациясы «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ аударма және мәдениетаралық коммуникация кафедрасында орындалды. Ғылыми кеңесшілер: *Гиздатов Газинур Габдуллавич* – филология ғылымдарының докторы, профессор, «Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ. (Алматы қ., Қазақстан), *Мурашов Юрий Вадимович* – филология ғылымдарының докторы, профессор, Констанц университеті (Констанц, Германия). Диссертациялық зерттеудің мақсаты-дискурсивті тәжірибеде қарастырылған Дж.Хеллердің «Catch-22» романы аудармаларының функционалды және лингвомәдени аспектілері болып табылады.

«6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша Курманбаева Даметкен Тюлевтаевнаның «Когнитивная основа реализации жанровых признаков романа (на примере произведений Кадзуо Исигуро «Never Let Me Go» и «The Buried Giant»)» тақырыбындағы диссертациясы Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ шетел филологиясының теориясы кафедрасында орындалды. Ғылыми кеңесшілер: *Жумагулова Батима Садыковна* – филология ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің профессоры. (Алматы қ., Қазақстан), *Болдырев Николай Николаевич* – филология ғылымдарының докторы, профессор, Г.Р. Державин атындағы Тамбов мемлекеттік университеті (Тамбов, Ресей).

**2) диссертация тақырыбының «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарымен және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы:**

Диссертациялық зерттеулер қазіргі заманғы ғылымның сұраныстарына толық сәйкес келеді. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған 7-ші "Білім және ғылым саласындағы зерттеулер" және 8-ші "Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер" бағыттарымен байланысты, сондықтан да берілген салаларда одан әрі зерттеу перспективалары бар.

**3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.**

А. А. Алдабергенованың зерттеу жұмысында ұсынылған тұжырымдар көркем мәтіндерді аударудың теориясы мен машығы, аударма машығы, жазбаша аударма машығы, лингвистикалық (аударма) зерттеулердің әдіснамасы мен әдістері, аударматанудың заманауи тұжырымдамалары, аударманың лингвомәдени аспектісі, аударманың когнитивті-коммуникативтік тұжырымдамасының әдіснамасы, заманауи аударма тұжырымдамалары, сондай-ақ филологиялық бағыттағы мамандықтар бойынша арнайы курстарды оқыту машығында пайдалану мүмкіндігімен анықталады.

Д. Т. Құрманбаеваның диссертациялық зерттеуінің нәтижелері когнитивтік лингвистика, прагмалингвистика, мәтін және дискурс лингвистикасы, көркем мәтінді дискурсивті талдау, әдебиеттану теориясы, когнитивтік поэтика курстарында қолданылуы мүмкін. Диссертациялық жұмыстың материалдары көркем шығармаларға филологиялық талдау жүргізу кезінде қолдануға болатын хронотопиялық және концептуалдық талдау түрлерінің қосындысы болып табылатын қолданбалы әдісті одан әрі теориялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).**

Диссертациялық Кеңес тағайындалған рецензенттердің диссертациялық зерттеулерге терең талдау жасағанын айта келіп, оны қанағаттанарлық деп санайды. Диссертациялық кеңестің Типтік ережесінің 3-тармағына сәйкес диссертациялық жұмыстарға дұрыс ресімделген шолулар уақтылы келіп түсті.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:**

**1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)** – қорғауға «6D020700 – Аударма ісі» мамандығы бойынша **1** диссертация және «6D021000 – Шетел филологиясы» мамандығы бойынша **1** диссертация қабылданды;

2) қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – **жоқ**;

3) рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – **жоқ**;

4) қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – **жоқ**;

5) пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) –**жоқ**;

6) қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының) – **жоқ**.

**Ескерту:**

Диссертациялық кеңес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2022 жылғы 18 ақпандағы №58 бұйрығымен бекітілген. ДК мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

**Диссертациялық кеңестің төрағасы** ____________ **Ислам А.**

**Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы** ____________ **Куркимбаева А.М.**

Мөр. Мерзімі. 2022 жылғы «19» желтоқсан